

Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға өз бетінше қабылдау қағидаларын және меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға өз бетінше қабылдау актісінің нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 қарашадағы № 1278 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 10 сәуірдегі № 180 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 10.04.2018 № 180 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылқы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 867 бұйрығын қараңыз.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 74-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға өз бетінше қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалары);
- 2) меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға өз бетінше қабылдау актісінің нысаны бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасында құрылысы аяқталған жеке тұрғын үйлерді қора-қопсы құрылыстарымен пайдалануға қабылдау тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 шілдедегі № 1018 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2012 жылғы 31 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 2-тармағын және Қағидалардың 3-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қағидалардың 3-тармағының 1) тармақшасы 2012 жылғы 31 қаңтарға дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 2 қарашадағы
№ 1278 қаулысымен
бекітілген

Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға өз бетінше қабылдау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға өз бетінше қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленген және меншік иесінің салынған объектілерді пайдалануға өз бетінше қабылдау тәртібін белгілейді.

2. Осы қағидалардың қолданысы Заңның 74-бабының 1-тармағында көрсетілген объектілерге қатысты болады.

2. Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға өз бетінше қабылдау тәртібі

3. Меншік иесі салынған объектіні пайдалануға өз бетінше қабылдаған кезде мыналардың болуы талап етіледі:

- 1) құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат;
- 2) сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын тиісті жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелерінің тиісті шешімі;
- 3) тиісті жергілікті сәулет және қала құрылысы органдары берген сәулет-жоспарлау тапсырмасы және техникалық шарттары;
- 4) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттама не нобай (жобаның нобайы).

4. Құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтаған кезде меншік иесі мердігерден объектінің дайындығы туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін (егер объект мердігерлік тәсілмен салынса) оны қабылдау рәсіміне кіріседі.

5. Салынған объектіні пайдалануға қабылдаған кезде меншік иесі:

- 1) меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға өз бетінше қабылдау актісін ресімдей отырып, Заңның 74-бабының 1-тармағында көзделген объектіні пайдалануға қабылдайды;

2) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманың не нобайдың (жобаның нобайы), объектілерді жобалау үшін берілген бастапқы материалдардың (құжаттардың) және қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарының сақталуын тексереді;

3) егер объект мердігерлік тәсілмен салынған жағдайда орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының, қолданылған құрылыс материалдарының (бұйымдардың, конструкциялардың) және жабдықтардың жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға немесе нобайға (жобаның нобайына), сондай-ақ мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге сәйкестігін тексереді.

5. Актіге қол қойылған күн меншік иесі қабылдаған объектінің пайдалануға қосылған күні деп есептеледі.

6. Акт дайын құрылыс өніміне меншік құқығын тіркеген кезде айрықша бастапқы құжат болып табылады.

7. Актіге қол қойған кезде меншік иесі актінің көшірмесін сәулет және қала құрылыс салысындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органға жібереді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 2 қарашадағы
№ 1278 қаулысымен
бекітілген

Нысан

Меншік иесінің объектіні пайдалануға өз бетінше қабылдау актісі

_____ 20 ____ жылғы " __ " _____

(қала, кент, село)

Құрылыстың меншік иесі _____

—
(тегі, аты, әкесінің аты, тұрақты мекенжайы)
және мердігер (егер объект мердігерлік тәсілмен салынса) _____

—
(құрылысты жүзеге асырған ұйымның атауы, адамның тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы, телефоны, _____

—
(лицензияның №, алған күні, адамның тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

АНЫҚТАДЫ:

1. _____
(объектінің атауы, орналасқан жері немесе мекенжайы)

—
—
—
объектіні салуды/тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелері мен жабдықтарының өзгеруіне, сондай-ақ үй-жайлардың функционалдық мақсатының өзгеруіне байланысы жоқ қолданыстағы ғимаратты қайта жаңартуды (қайта жоспарлауды, қайта жабдықтауды) меншік иесі өзі _____

—
(тегі, аты, әкесінің аты)
және/немесе ол тартқан мердігерлік ұйым _____

—
(объектіні салуды (үй-жайды қайта жаңғыртуды) жүзеге асырған, қайта жоспарлау ұйымның атауы, адамның тегі, аты әкесінің аты) ұйым жүзеге асырған.

2. _____
(жұмыстар түрлері)

—
_____ орындалған

3. Объектіні салу/тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелері мен жабдықтарының өзгеруіне, сондай-ақ үй-жайдың функционалдық мақсатының өзгеруіне байланысы жоқ қолданыстағы ғимаратты қайта жаңарту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау):

—
(шешім шығарған органның атауы, шешім № және күні)

—;
негізінде жүргізілген.

4. Құрылыс _____

(жобаны (жобалау-сметалық құжаттаманы) не нобайды (нобайлық жобаны) әзірлеген ұйымның атауы)

жобаны (жобалау-сметалық) құжаттаманы, нобайды (нобайлық жобаны) қараған және келісім берген ұйымның атауы)
келісілген жоба (жобалау-сметалық)/құжаттама нобай (нобайлық жоба) бойынша жүзеге асырылды.

5. Құрылыс-монтаж жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылды:

жұмыстың басталуы _____;

(айы және жылы)

жұмыстың аяқталуы _____;

(айы және жылы)

6. Пайдалануға қабылданатын объектінің мынадай көрсеткіштері

бар: _____

(жалпы алаңы, тұрғын алаңы, қабаттар саны, құрылыстың көлемі, ұзындығы, негізгі материалдар мен конструкциялар бойынша қысқаша техникалық сипаттама және с.с.с.)

7. Жарылыс қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар _____

(орындалғаны туралы мәліметтер)

8. Құрылысы аяқталған объектінің/қайта жаңартылған (қайта жоспарланған, қайта жабдықталған) қолданыстағы ғимараттың үй-жайларының мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтік талаптарға, сәулет-жоспарлау тапсырмасына, келісілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына/нобайға (нобайлық жобаға) сәйкестігін растау негізінде жеке меншік иесі:

(объектінің атауы)

пайдалануға ҚАБЫЛДАУДЫ шешті.

9. Салынған объектінің нормативтік талаптарға, сәулет-жоспарлау тапсырмасына, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына/нобайға (нобайлық жобаға) сәйкестігін растаймын.

Құрылыстың меншік иесі _____

(тегі, аты, әкесінің аты, тұратын мекенжайы, қолы, күні)

және мердігер (егер объект мердігерлік тәсілмен салынса) _____

(ұйымның атауы, тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні)